

Жастар – болашақтың кепілі



№3 (40)

наурыз, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

**Өз Наурыз торлей!
Ұлыстың ұлы күні күйі - берекесімен келсін!**



2-бет

**БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ТҰЖЫРЫМ
БАР – ЖЫЛАН ЖЫЛЫНДА БАР
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ
АРТАДЫ. БҰНЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ
ДӘЛЕЛДЕДІ. ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ
ДА ЖЫЛАН ЖЫЛЫНДА ТҮРЛІ
ЖАҒДАЙДЫ БАСЫНАН КЕШІРДІ.
СОНЫМЕН, ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ
ТАРИХЫНА НЕСІМЕН ҚЫМБАТ...**

**ЖАСТАРДЫ
КОЛДАУ –
ЖАСТАР
САЯСАТЫНАН
БАСТАЛАДЫ**

3-бет

**ҚАШҚАР ҚЫЗЫ
ШЫНАРГҮЛ
ШОҚАНҒА КІМ?**

5-бет



6-бет

**ЖЕРДЕ
ЖҰЛДЫЗДАР
БОЛА МА?**

Жұлдыз деген Жаратушының жаратқан бір кереметі. Қара аспанды нұrlандырған кереметке не жетсін! Ал, сондай кереметке кей адамдар өздерін теңеп әуре. Рас, қазақтар өнерге жаны құмар халықпыз. Дегенмен, жарқ етіп өнер көрсеткен өнерпаздардың барлығын жұлдыз дей беруге болама екен?!



8-бет

**ӘН-КҮЙ
САБАҚТАРЫ
ҰЛТТЫҚ
НАҚЫШТА ӨТСЕ...**

И.Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті студенттік филармониясының дәстүрлі әншісі Әсел Ботаевамен еркін сұхбат

ӘНДЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚЫРАНЫ САМҒАЛЫ

Наурыз мерекесінің қарсаңында С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханада ақын, сазгер, әнші, палуан Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Дәурен сүрдің бір кезде құстай ұшып...» атты көрмесі және Г.Н.Потанин атындағы Павлодар тарихи-өлкетану мұражайында шығармашылық әдеби кеш өтті.



Павлодар қаласының мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттерімен Иманжүсіп Құтпанұлының немересі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, «Шоқан жолдары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Көшенова кездесті. «Иманжүсіп Қазақстанның тәуелсіздігі үшін өз азаттығын тіккен жан», – деді белгілі ақынның немересі атасының қилы тағдыры туралы. Азаттық пен ұлы азаматтықтың шынайы бағалаған Иманжүсіптің өмірбаянын ақтара отырып, бұл қадір-қасиет пен ел тәуелсіздігіне өз өмірін сарп етер өжеттілік ақынның атасынан дарығанын әңгімесіне арқау етті.

Оқушылар ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалым әрі тікелей ұрпағы Р. Көшеноваға сұрақтар қойып, Иманжүсіптің осы уақытқа дейін белгісіз болып келген сырларын тануға ұмтылды. Көп жылғы үнсіздік пен тыйымға қарамастан Иманжүсіптің шығармашылығы бүгінде ел игілігінде. Суырып салма ақынның есімі ортамызға

қайта оралды. Биылғы 2013 жылы қазақтың біртуар баласының 150 жылдық мерейтойы атап өтілмек. Оның әндері мен жырларында тәуелсіздіктің қыраны самғап, елдің ұлы мұраты баяндалады. Азат елдің бүгінгі өскелең ұрпағы Иманжүсіп бабасының жырларынан сусындап, халқы үшін жанкештілігі мен күрескерлігін өнеге тұтса игі.

Әйгілі халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлы 1863 жылы Павлодар облысы Ақсу ауданында өмірге келіп, 1929 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында өмірден озған болатын. Оның атасы Тұрғанбай датқа Түркістан қаласы маңындағы Шілік өңірінде би болып, әкесі Құтпан Кенесары көтерілісіне қатысқан батыр болған. Жастайынан сері атанып, саятшылық құрып, палуан атанған Иманжүсіп ақын, әнші болған. Оның әндері Арқа мен Жетісуда кең таралған. А.Затаевич Иманжүсіптің бірнеше әндерін жазып алып, "Қазақ халқының 1000 әні" атты жинағына енгізген. Оның "Сармойын", "Бұғылы мен Тағалы", "Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау", "Әкем Құтпан болғанда, ағам

Шонай", "Қысырақтың үйірі жирен ала", "Мен қалайша жалғанда тұрақтайын", т.б. шығармаларын бүгінгі күні дәстүрлі әншілердің орындауынан естіп жүрміз.

Осы жылдың 31 мамырында Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдығына арналған «Қазіргі кезеңнің мәдени-тарихи дәстүріндегі Иманжүсіп» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Бұл шара Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұйымдастырғалы отыр. Қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдерінде өтетін конференция жұмысында – тарих, философия, этнография; саясаттану, әлеуметтану, педагогика, психология; әдебиеттану, тіл білімі, журналистика; мәдениет және өнертану мәселелері қаралмақ.

Жанар ЕЛЕШОВА

ЖАСТАР ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА АТТАНУДА



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Павлодар облысы әкімдігі ұйымдастыруымен «Дипломмен – ауылға» жобаға қатысушылары мен ЖОО бітірушілерінің арасында «Дипломмен – ауылға» атты облыстық конференция өтті.

Конференция нәтижелері бойынша жастардың еліміз бен аймағымыздағы қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысуын жандандыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру идеясын қолдау жөніндегі шешім қабылданған. Сонымен қатар, «Дипломмен – ауылға!», «Жастар саясаты», «Жұмыспен қамту-2020», «Жайлау» сынды жобалар жайындағы ақпараттық науқанын ары қарай жалғастыруда.

Және де, конференция қатысушыларының айтуы бойынша, аталмыш ақпараттық науқанға мүдделі мемлекеттік мекемелер мамандарының назарын аударып, ауыл жастарының өзекті мәселелері бойынша пікірталасуға жағдай жасау қажет.

Құралай ШАЙМАРДАНОВА

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

А. Құнанбаев: «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен».

А. Байтұрсынов: «Наурыз – қазақша жыл басы. Біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басындағы болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынамен Жаңа жыл деп айтуға лайық».

М. Дулатов: «Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ, бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артық-ша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі».

М. Жұмабаев: «Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің

теңелген күні (22 наурыз) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен, қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан, қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл, адамдармен ұйымдастыратын мейрам ету керек».

Мақтымқұлы: ...Жеткен кезде Наурызымыз жапан біткен жаңғырар, Тұман орап тау басын, аспан үрпі салбырар. Жансыздарға жан бітіп, әуен билеп маңды бір, Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар. Күнге тосып арқасын жан-жануар албырар, Аунап-қунап барлығы жерге түгін қалдырар.



С. Қожанов: Наурыз мұсылмандықтан бұрын шыққан мейрам. Наурыз ел шаруасымен күн көріп, табиғат шарттарына тұрмысы көбірек байланысқан елдің тұрмысы тудырып отырған мейрам. Жұрт қысқы қысымшылықтан құтылып, малы жұт қаупінен құтылып, оның қалған малы балалап, қарасы көбейіп жатқан, өздері егін шаруасына қам қылып, қасиетті жаз маусымында байлығын молайтудың, табиғаттың иіп тұрған кезінде қолынан келгенінше көп өндіріп қалудың шарасын істеп, абыр-сабыр болып жатқан ел шаруаларының талабы қозған ең көңілді уақыты – көктем. Сол көктемнің басы – Наурыз...

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХҚА ШОЛУ

Ырымшыл халықпыз. Болмашы нәрсені көңілімізге алып немесе ұсақ-түйектен тағдырымызды болжайтынымыз бар. Онымыз дұрыс та шығар. Неге сенсең – соны бағындырасың. Өлем жұртшылығы жылан жылын әртүрлі өсермен, сан алуан көңілмен қарсы алды. Қытай халқы үшін жылан даналықтың белгісі. Біреулері жыланды қатерліге бала-са, енді біріне ол сәтті жыл. Бірақ бөрімізге ортақ тұжырым бар – жылан жылында бар жұртшылықтың белсенділігі артады. Бұны ғылым саласы дәлелдеді. Қазақтың тарихы да жылан жылында түрлі жағдайды басынан кешірді. Сонымен, жылан жылы қазақ тарихына несімен қымбат...

Тарихшыларымыздың көбі Шыңғысхан әскерінің Отырарды жаулап алғанын тарихи трагедия деп қабылдаса, енді бірі керісінше тұжырым жасайды. Бірақ бүгінгі күні Отырардың қақпасын ашып берген бабалардың да, қақпаны ашқызған жаулардың да ұрпақтары бүтін ұлт болып отыр. Қазақтың Жәңгір ханы 1629 жылан жылында таққа отырып, Қазақ хандығына билік жүргізді. 1665 жылы талай сын сәттерде қазақ халқын тапқырлығымен тығырықтан алып шыққан Қаз дауысты Қазыбек би өмірге келген жыл, ол да жылан жылы. 1689 жылы Тәуке хан бастаған қазақ батырларының қолы жоңғарларға жойқын жорық жасағаны мәлім. Үш жүздің басын қосқан Хан Абылай да жылан жылында өмірге келген. 1725 жылы жоңғарлар Ташкент пен Түркістанды жаулады. 1737 жылы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Орынбор өлкесінің губернаторына екінші рет ант берді, сондай-ақ, жылан жылында 1845 жылы Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы өмірге келді. Жоғарыда аталған тарихи даталар қазаққа жылан жылы сыйлаған нағдалар десек болады, осы оқиғалар арқылы Қазақ тарихы толықты. Өкінішке орай, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы жылан жылы қазаққа аз қиыншылық әкелген жоқ. 1905 жылы жерімізді революция жайлап, орыстың буржуазиялық-демократиялық революциямен тығыз байланысқа түсті. Қазақты тарихи-әлеуметтік, рухани қиыншылық құшты. Ресейдің отаршылық жүйесі мен солақай саясаты бұрында өз басын азаттық жолында ажалға қиған ата-бабаларымыздың жерін өздеріне тәуелді етті. Бірақ бұл тұста да қазақ жалаңда жалғыз қалған жоқ, ұлт зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай сынды арыстар саяси аренаға шығып, алаш үшін атой салды. Бұл кезеңді қазақтың ояну немесе қазақты ояту жылы десек болады. Аталмыш ғасырдың екінші жылан жылы 1917 жылмен сәйкес келеді. Бірақ Ақпан, Қазан төңкерісі, Уақытша Үкіметтің өзі елдегі империалистік соғысты тоқтатпады. Қазақты саяси құқығынан айырған заң өз күшінде еді. Өнеркәсіп орындарында сегіз сағаттық жұмыс ережесі енгізілмеді. Қазақтың ең шұрайлы жерлері басқалардың еншісіне берілді. 20 ғасырдың үшінші жылына сталиндік ұжымдастыру саясатымен тура келді. Ол 1929 жыл еді. Тарих бойынша бұл саясаттың соңы аштық пен қуғындауға әкеліп соққаны, нәтижесінде сансыз қазақтың жер жүзі бойына қашып, қалғандары «қолдан жасалған» өлімге төтеп бере алмағаны анық. Жоғарыда аталған ұлт ұлдары да үкім шығарылып, 3386 адам атылып, 13151 адам абақтыға қамалды. Аңғарсаңыздар, нақ осы жылдары қазақ ұлты сансыз қайраткері мен көсемінен айрылды. 1941 жыл да жылан жылы еді. Гитлердің фашистік саясаты да қазақты айналып өткен жоқ. Бірақ жамандықтың соңынан жақсылық, қиыншылық артынан қуаныш келетіні бар ғой. Сол сияқты бұл ғасырдың екінші жартысында қиындық жауыны саябырлады. 1953 жылы Сталин қайтыс болып, солақай саясаттың қара бұлтты сейілді, 1964 жылы Хрущевтің КОКП-нің XX съезінде «жеке басқа табынушылықты» айыптап, баяндама жасағаны тарихтан белгілі, жалпы Хрущевтің кезеңін «жылымық жылы» дейміз. 1977 жылы Брежнев дамыған социализм кепілі деп Конституция қабылдады. Бұл тоқырау кезеңінің бастамасы еді. Ал, 1989 жылы Шығыс Еуропада бірнеше ереуілдер болып, Чехославкия социалистік жүйеден бас тартты, ГДР мен ГФР ортасын бөліп тұрған Берлин қабырғасын құлатып, 44 жыл бойы екі бөлек саяси ықпалда өмір кешкен немістер қайта қауышты.

XX ғасырдың соңғы жылан жылы 1989 жыл еді. 1979 жылы 25 желтоқсанда Кеңес әскерінің Ауғаныстанға кіргенін білеміз. Тура он жылдан кейін 1989 жылы 15 ақпанда Кеңес әскерінің Ауғаныстаннан шығуы да Қазақ үшін тарихи қуаныш. Міне, XX ғасырдың жылан жылы қазақ үшін осылай аяқталды.

PS. Биылғы жылан жылы Қазақ халқы үшін қаралы күнмен басталды. Өуе апатынан қара жамылса да, ырымшыл қазақ қиындықтың соңынан қуаныш келеді деп сенді. Дегенмен, қай жыл болмасын, жазарымыз тек жағымды болсын демекпіз.

Эльмира Абетжанова

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – ЖАСТАР САЯСАТЫНАН БАСТАЛАДЫ

2013 жылдың 26 ақпанында «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды. Аталмыш құжат Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша әзірленді. Тұжырымдаманы қабылдамас бұрын жобаны талқылауға жастар ұйымдары қатыстырылып, жалпыұлттық пікірталас жүргізілген. Бүгінгі жастарға қатысты ең өзекті мәселелер – баспана және жұмысқа орналасу. Осы түйткілдер тұжырымдамада толық ескерілді. Биыл жастар саясатын қаржыландыруға 1,5 млрд. теңге қаржы қарастырылмақ. Бұдан былай еліміздегі жастар ұйымдары әдеттегі атойлы ұрандармен жұмыс істемей, нақты іске көшпек.

Ел тұрғындарының 26%-дан астамын 14 – 29 жас аралығындағы Қазақстан жастары құрайды. 2012 жылы олардың саны 4,4 млн. адамға жақындады. Павлодар облысы тұрғындарының жалпы санынан жастар 24% құрап отыр. Қазақстанның көркейіп, дамуы осы 4,4 миллион жастардың қатысуымен болатынын жастардың өздері нақты түсінсе игі болар еді. Еңді мақсаты айқын, бағыттары айшықты тұжырымдама жөнінде сөз етсек. Аталмыш тұжырымдама аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүгін өз мойнына алады.

Тұжырымдамына бағыттарды өзіне міндет етеді: қол жетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету; салауатты өмір салтын қалыптастыру; құқықтық мәдениетті арттыру және жастар бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрметті қалыптастыру; жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау; жастарға арналған қол жетімді тұрғын үй жүйесін дамыту; жастарды мәдени құндылықтарға тарту; жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуын ынталандыру; жастар ортасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету; мемлекеттік жастар саясатын ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; жастарды «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға тарту.

Мемлекеттік жастар саясатын дамыту 2012-2015 және 2016-2020 жылдарды қамтитын екі кезеңнен тұрады.

БІЛІМДІ ЖАСТАР – ЕЛ КЕЛЕШЕГІ

Жоғары білімі бар жастардың саны соңғы онжылдықта 3 есе, арнаулы орта білімі бар жастардың саны 2 есе дерлік өсті. Жоғары білімі бар ауыл жастарының саны 6 есе, қала жастарының саны 4 есе өсті. Жалпы, Қазақстан жастарының 40% жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар. Қазақстан жастарына білім деңгейінің жоғары болуы тән құбылыс. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «келешек білімді жастардың қолында» деген жиі айтылатын сөзі ақпараттың билік құрып тұрған заманында ұранға айналғаны хақ. Бүгінгі жастар білімді атанып қана қоймай, бәсекеге қабілетті білікті маман болуды мақсат тұтады. Сол себепті, тұжырымдамада қол жетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз етуді іске асыру бағыттарын бекітті.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2011 жылы 15 жастағы және одан үлкен экономикалық белсенді тұрғындардың саны 8,8 миллион адамға жетті. Жұмыспен қамтылғандар құрылымының (8,3 млн. адам) шамамен үштен бір бөлігін (30,5%) 25–34 жастағы адамдар және 14,5% 15–24 жас аралығындағы жастар құрады. Жұмыспен қамту құрылымында жалдамалы еңбек қала жастарында 78,3%-ға басым, ауыл жастарында – 40,9%.

2012 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (4,6%) көп жылдардан бері алғаш рет жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен (5,4%) төмендеді. Жастар жұмыссыздығының деңгейі қалаларда жоғары. 2011 жылы ол 5,6%, ал ауылда – 3,8% болды. Мемлекет жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдем көрсету жөніндегі жұмысты жетілдіреді. Жастардың экономиканы үдемелі инновациялық индустриаландыру, ауыл шаруашылығын жаңғырту, шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік қызмет деңгейінің сапасын арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жұмыстарына қатысуға ерекше назар аударып отыр. Мемлекеттің басты міндеті – әрбір жас азаматтың жұмысқа орналасуына көмек көрсету.

Еңбек ұжымдарында жастардың әлеу-

меттік көңіл-күйін орнықтыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыратын бизнесті әлеуметтік-экономикалық ынталандыру шаралары қолданылатын болады. Білім алып жүрген және қолдарына жаңа диплом алған жастар үшін «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Жастардың кадрлық резервтері», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар Отанға!» мемлекеттік бағдарламалар және өзге де жастар бастамалары жалғасын тауып, іске асатын болады.

БАҒЫМА БАЛАНҒАН БАСПАНА

Жаңа шаңырақ құрған жас отбасылардың бірінші кездесетін қиындығы – баспана мәселесі. Сол себепті, жастар саясатында жастардың түйткілді мәселесінің шешуіне жол берілуі де заңды. Жастарды жұмыспен қамтуға, қол жетімді тұрғын үйге және перспективалы бизнес-идеяларды тәжірибеде қолдануға бағытталған жобаларға қатысу және өту шарттары дәйекті түрде жетілдірілетін болады дейді тұжырымдамада. **Жастарға арналған қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту қадамдары:** жас отбасыларға жеңілдікпен кредит беруге бағытталған шараларды нақтылау мақсатында тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесін пысықтау; қалыптасып отырған демографиялық үрдістерге байланысты жасты ұлғайту жағына қарай тұрғын үй бағдарламаларына қатысуға үміткер жас отбасылар үшін шектеулерді қайта қарау мүмкіндігін зерделеу; мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде студенттік жатақханалар салу бағдарламаларын кеңейту қажет.

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ БӘРІНЕН ДЕ МАҢЫЗДЫ

Аталмыш құжатта жастардың мәдени құндылықтары мен рухани басымдықтарына аса мән беріліп отыр. Құжатта жастар арасында жалаң жағдайдағы отансүйгіштік, достық, мәдени саналандық, толеранттылық, заңға мойынсұнушылық, білім, еңбекқорлық, инновация мен ғылым, отбасы, денсаулық және спорт, оң мұрат-мақсаттар, жаңа экологиялық этика сияқты құндылықтарды жастар бойына сіңіруді жетілдіру баса назарда болып отыр.

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ АУЫЛДАРДА ДА ҚЫЗМЕТ ЕТСЕ...

Бүгінде елімізде 1000 астам ұйымдар бар. Оның ішінде 11 республикалық деңгейде жұмыс жасап жатыр. Соңғы онжылдықта

елімізде жастар ұйымдарының саны 7 еседен астам өсті. Қазақстан жастар конгресі (2002) және «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты (2008) сияқты бұқаралық ұйымдарға жастардың шоғырлану процесі жалғасуда. 2005 жылы «Қазақстан студенттерінің альянсы» студент жастардың қоғамдық бірлестігі құрылды. 2011 жылдан бастап «Қазақстан жас депутаттарының қауымдастығы», ал республиканың бүкіл өңірлерінде – жастар мәслихаттары жұмыс істейді. 2011 жылы «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа ұйымдар пайда болды, олардың басым міндеті патриоттық тәрбиелеу болып табылады. Жастар ұйымдар бірқатар бағдарламалар мен бастамалармен жұмыс жасап келеді. Мәселен, «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар – Отанға!» бағдарламалары іске асырылып, қоғамдық оң көзқарасқа ие болуда.

Еліміздің жас буыны есіп келе жатқаны қуантарлық жайт. Алайда, жастар арасында жиі кездесетін мәселелердің шешілмеуі жастар арасындағы қылмыс, суицид, психологиялық дағдарыстарға ұшырауына ықпал болып жатады. Сол себепті, жастар саясатының басты парасы – жастар ұйымдарының қызметі екені анық. Жастар ұйымдарының ауылдар мен аудандарда қызмет етуін қадағаласа құба құп болар еді. Соңғы сайлау қорытындылары бойынша жастар саясатқа белсене атсалысып жүргенін аңғаруға болады. Бұл да жас буынның мемлекет ісіне, ел болашағына немқұрайлы қарағысы келмейтінін аңғартса керек. Жастар саясаты қанат жайып, өз тұғырынан орын табуы шарт.

P.S. Тәуелсіз елдің ертеңі бүгінгі жастардың қолында екені даусыз. Қазақстанда жастар саясатына баса мән беріледі. Өйткені Қазақстанның әрбір екінші тұрғыны 30 жастан жас азаматтар. Дамыған, бәсекеге қабілетті, гүлденген Қазақстанды қалыптастыру кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, елін сүйер және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру керек екендігін тағы баса қадап айтамыз.

Жанар ЕЛЕШОВА



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенті, Марат Ақбөпе

ЕҢСЕЛІ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ...

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт көшбасшысы қызметінің жемісі. Елбасы туралы кітап жазған ағылшын жазушысы Дж.Айткен 2009 жылғы 14-шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында «...Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың өз халқы үшін сіңірген бәрінен де үлкен еңбегі аса қиын жағдайда сан ұлттан құралған халқын соңынан ертіп, олардың тарихи қалыптасқан достығы мен ауызбірлігіне сына қақтырмай, топтасқан күйінде сын сәттен сүріндірмей алып шыққандығы, осының негізінде жас та тәуелсіз мемлекетті құра алғандығы деп есептеймін. Ұрпақтарға болашақ үшін жол сілтейтін бұл құбылыс Қазақстан тарихындағы маңызды өлшеусіз болып табылады және әлі талай айтылатын болады» деген.

Ұлт көшбасшымыздың көрегендігі, мемлекет пен халық тағдырына қатысты өзекті мәселелерді болжай білгіштігі дана адамға ғана тән қайталанбас парасат иесінің бейнесі. Жарқын болашаққа бастаған Ұлт көшбасшысының кемеңгерлік қадамы қарыштап алға басады. Міне, «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы Жолдауының шыққанына аз ғана уақыт өткеніне қарамастан, елбасымыз еліміздің жарқын болашағы үшін «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдады.

Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бәсекеге қабілетті, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған маңызды құжат. 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың барлық санаттарының назардан тыс қалмай, жаппай қамтылуы – тұжырымдаманың басты ерекшелігі. Тұжырымдамада ел жастарының көңілінен шығатын тұстар өте көп. Солардың бірі – қолжетімді баспанамен қамту жайы. Жастарды баспанамен қамту мәселесінің биылғы жылдан бастап мықтап қолға алынатындығына қуаныштымыз. Сонымен қатар, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі, жас ғалымдар да назардан тыс қалмайды. Өз басым мемлекеттік жастар саясаты туралы тұжырымдамадағы мақсаттар мен міндеттерді толықтай қолдаймын және оның жүзеге асуына өз үлесімді қосқым келеді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев біздің буынның сүйіп оқитын кітабына айналған «Қазақстан жолы» атты өз еңбегінде атап айтқандай, «Егер де жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділдікті тандап алса және өзімізшіл болмаса, онда олармен бірге табыс та ілесіп жүреді». Егер әрбір азамат осы пікірді қолдаса, сол бойынша өмір сүрсе – еліміздің болашағы зор болады. Қазақстанның болашағы жарқын! Келешек жастардың қолында!



С.Торайғыров атындағы ПМУ Агротехнология факультетінің студенті, Ғабит Хафиз

ЕЛ СЕҢІП ЖҮРГЕН ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанның тәуелсіздік алған тұстан бастап қазіргі кезеңге дейінгі дамуы барысында еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып, нәтежиесінде экономика саласымен қоса, саяси салада да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Аталмыш салалардағы қайта өзгертулер, ірі жобалар, шиеленіскен мәселелер барлық тұрғын халықтың әлеуметтік қабаттарына, оның ішінде жастарға да ықпалын тигізді. Міне осы себептен жас ұрпақтың ойдағыдай әлеуметтеніп дамуы елеулі істердің көлеңкесінде қалып қоя берді.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда жастардың әлеуметтік жағдайы ескерілмей қалғанын баса айтар едім. Оның өзіндік себебі жоқ емес. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң алғашында 1998 жылғы әлемдік дағдарыстан кейінгі жағдайды ескере отырып қабылданды. Меніңше, қазіргі кезде бүкіл әлем қаржы дағдарысынан қалай аман қаламыз деп қарбаласып жатыр. Соған қарамастан, болашағымызды баянды ететін заңды жалпы, жастар мәселесін ысырып шетте қалдыруға болмайды. Әсіресе қазақ жастарын рухани азудан құтқару керек. Оның үстіне жастар саясаты – патриоттық тәрбие, мемлекеттік идеология жұмыстары өзара сабақтасып жататын ауқымды мәселе. Қай заң болса да жалаң декларативті сипатта қалып қоймай, жастардың өзекті мәселелерін шешуге жұмыс істеуі керек. Нақтырақ айтқанда, патриотизмге тәрбиелеу, әлеуметтік қолдау және құқықтық қорғау назардан тыс қалмаса деймін. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін жастар мәселесімен түбегейлі айналысатын бірде-бір мемлекеттік жеке орган жоқ. ЖОО-дағы жастар кәсіподақтарының жұмысы жастар саясатын жүзеге асыруға жеткіліксіз. Білім және ғылым министрлігінде Жастар саясаты департаменті бар. Бірақ жастар мәселесі ЖОО-да білім алып жатқан студенттермен шектеліп қалмауы керек. Мәселен, оқу бітіріп, отбасын құрып, жұмыс істейтін көпшілік жастардың құқықтық мәселесі, жалпы жағдайы ескерілмей келеді. Өркениетті елдерде жастар саясатының дұрыс жолға ойылғаны белгілі. Жастар туралы заңды қабылдадық, енді оны іске асыруды шет елмен салыстыра отырып атқару керек деп ойлаймын. Өзгенің жақсы-жаманын ескере отыра жасалған іс өміршең болмақ.

Олай болса президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы жастардың қоғамдағы орынын айқындап береді деп ойлаймын.

Ұлағаты мол Ұлыстың ұлы күні

Тәуелсіздікпен бірге запыран замандарда жоғалтқан ұлттық болмыс-бітімімізді бүтіндеп, құндылықтарымызды қайта жандандырып жатырмыз. Десек те, барымызды бағамдап, байлығымызды түгендеуге әлі де салғырт қарайтынымыз анық аңғарылады. Мәселен, бірсыпыра салт-дәстүрлеріміздің тамыры солғалы қашан?! Ал, салт-дәстүр дегеніміз, ол қай ұлттың болмасын бет-бейнесі, жаны, ұяты, ұлы қазынасы.

«Наурыз» мейрамы ежелден ата-бабамыздың асыға күтетін, асыр салып тойлайтын думаны болған

Сәулесі бар Наурызда таңғы үміттің Басын қосқан сан халық, сан ғұрыптың.

Ұлыстың ұлы күні паш етейік
Белгісін Достық пенен Мәңгіліктің

Наурыз жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Өз Наурыз», «Өз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған. Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтылады. Наурыз – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін күн.

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні

1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Ал 1988 жылдан бері наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты. Бұл мереке жөнінде Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнді «Ұлыстың Ұлы күні» дейді екен», – деп жазады. Ақын Наурыз тойын дінге жанастырмай, көктем мерекесі екенін ашық жазады да, «Ұлыстың Ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, Құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын ескертеді. Наурыз мерекесі 1997 жылы, 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінен наурыз айының 21, 22, 23, күндеріне Наурыз мерекесін мемлекеттік деңгейде тойлап келеді. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар ұйымының Бас ас-

самблеясы «Халықаралық Наурыз күні» атына сәйкес 21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.

Наурыз – көне мейрам

Орта Азия халықтарында 5000 жыл бойы аталып өтілуде. Әлемдегі тойланатын мейрамдардың көнесі. Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңызға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Дегенмен, аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшы қылт ететіні де рас. Кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен жақындатады.

Наурыз – халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі.

Әбу Райхан Бируни, Омар һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжайды, жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже наурыз көже ұсынады, ескі киімдерін тастайды, ескірген шыны аяқты сындырады, бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – күн нышанын салады, үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі, түрлі жарыстар (жамбы ату, т.б.) ұйымдастырады.

Наурыз қай елдерде тойланады?

Наурыз мемлекеттік мереке ретінде Қазақстанда, Қырғызстан, Түркия, Тәжікстан, Албания, Әзірбайжан, Иран, Түркіменстан, Ауғанстан мен Ирактың Күрдістанда, Үндістан мен Македонияда, сондай-ақ, Татарстан, Башқұртстан, Босна-Гершек, Пәкістан, Қытай жергілікті жерлерінде тойланады. 2010 жылдан бері ол ұлттық мереке ретінде Грузияда тойланып келеді. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «нау-сарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарызы», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған.

Нұх пайғамбар заманынан тойланып келе жатқан мереке

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл кезде Ұлыстың Ұлы күні деп неге аталады? Бір күні Нұх пайғамбардың



кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан дәм татады. Содан, бұл күнді – Ұлыстың ұлы күні деп жариялайды. Ұлыс күні міндетті түрде қазан пайдаланады. Жеті қазынаның бірі – қара қазанның халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде атқарған қызметі аса қастерлі де мәнді. Оған сиынған халықтың наным-сенімдер желісінің елестері біздің дәуірімізге түрлі көмескіленген ауыз әңгімелер түрінде жетіп отыр.

Наурыз күндеріндегі салт-дәстүрлер мен ырымдар

Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған, жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжаған, жеті ақ кесемен дәстүрлі наурыз көже ұсынған, ескі киімдерін тастаған, ескірген шыны аяқты сындырған, бір-біріне гүл сыйлаған, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салған, үйлеріндегі тіреу ағашқа гүл ілген, жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізген, бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан, араздаспаған.

Түйін. Кектің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат – анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Олай болса, наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін, жылан жылы тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт береке салтанат құрсын. Бұл күн – күн мен түннің теңелетін, жан-жануар төлдейтін, адамдардың аузы аққа тиетін, жер жүзінде шаттық орнаған күн. Ұлыстың ұлы күні, құтты болсын ағайын!

Айгерім СОЛТАН

Жақындарыңызға наурыз тартуларын сыңлаусыз ба?

Ұлыстың Ұлы күні бозбала мен бойжеткен бір-біріне «ұйқыашар» мен «селтеткізер» сыйлаған. Көктемнің нәзік сезімдері наурыз тартулар арқылы айшықтала түскен. Мәдениетімізге жат Валентин мерекесін көпшілік қауым ерекше күтіп, ғашық жандар бір – біріне деген сезімдерін сыйлық арқылы білдіріп жатады. Ал, Ұлыстың Ұлы күні ұсынылатын сыйлар бүгінде нәліктен тартылмайды? Тарихтан біліп, кітаптардан оқып қана қоятын сый тарту дәстүрін бұл қалпынан шығара аламыз бе екен?

БЕЛКӨТЕРЕР

Ертеректе наурыз мерекесінде ата-әжелер, қария кісілердің үйіне «**белкөтерер**» апарып, жастар бата алған екен. Бұл – қарт кісілерге арналған жылы-жұмсақ тағамдар. Олар әрі жұмсақ, әрі дәмді, нәрі мол қазы, сарымай, жент, қымыз, ақ ірімшік, бал, тағы сол сияқты тамақтардан әзірленеді. Бұны балалары, көрші-қоландар, сыйлас кісілер арнайы дайындап апарды. Бұған риза болған қарттар оларға өздерінің **ақ батасын** айтады.

СЕЛТЕТКІЗЕР МЕН ҰЙҚЫАШАР

Осы күні жас қыздар мен жігіттердің бір-біріне беретін ерекше сыйлықтары: «селтеткізер» мен «ұйқыашар». Сағат он екіде, жұрт ұйықтап қалмауы үшін жас қыздар «ұйқыашар» деп аталатын дәм тағайындап, өздері ұнатқан жігіттерге апарып береді. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер селт еткендіктен «селтеткізер» рәсімін жасайды. Яғни, қалауынша айна, тарақ, зергерлік бұйымдарды сыйлаған екен.

Бибігүл Мұқанқызы, мұғалім

Атам заманнан сыйлық сыйлау дәстүрі бірлік пен татулыққа қоғамды баулу үшін негізделген. Бүгінгі қоғамда осы дәстүрді ұстанса екен деген тілек бар. Жаңа жылда, көктемнің нұрлы шуағында үлкен адамдарға «Белкөтер» сияқты дәстүрді жалғастырып, тәтті тағам әзірлеп беру нұр үстүне нұр болар еді. Бір жақсы құнды сыйлық сыйласақ қарттарымыз да бір шаттанып қалады ғой. Жастар бір – біріне сүйіспеншілік танытып, көңілдерінен шығатындай сыйлық сыйлап жатса құба құп.



Ахметова Маржан, студент

Иә, Наурызда жақындарыма сыйлықтар жасаймын. Бұл күні ескіше жаңа жыл ғой, сондықтан бұл күні реніш ұмытылып адамдар татуласып, жылы сөздермен қауышады.Ежелден келе жатқан «Ұйқыашар», «Селтеткізер» дәстүрлеріне сүйене отырып қазіргі заманғы сыйлық сыйлаймын. Мысалы: Әдеміліктің символы ретінде гүл, айна, сырға, алқа сынды сыйлықтарды құрбыларыма сыйлаймын. Себебі: Бұл күнде өз дәстүрімізді ұмытсақ ертеңгі күн бұлыңғыр болады ғой.



Ернар Бекебаев, әскери қызметкер

«Ұйқыашар» «Селтеткізер» сынды сыйлық сыйлау дәстүрлері бар екенін қоғамға жақсылап дәріптесе көпшілік бұл салтты білер еді деп есептеймін. Өз басым сүйіктіме әр мейрам сайын сыйлық сыйлауға тырысамын. Бірде гүл, әшекей бұйымдар сыйлаймын. Ал бірақ 22 Наурызда сыйлық сыйламапын.



Журсиля Кайруллаева, кітапхана қызметкері

Наурыз – ерекше мейрамдардың бірі. Жер беті жаңарып, адамдар жаңаша күн кешеді. Біздің университетімізде де Наурыз мейрамы қарсанында «Наурыз келді! Көктем келді!», «Махаббат жалыны» атты кітап көрмесін ұйымдастырдық. Былайша айтқанда оқырман қауымға ерекше сыйлық болды. Ал біздің оқырмандар наурызға қарсы жылы сөздері мен қолдан болса да шың жүрегінен жасалынған аққуды наурыз тарту етті. Менің ойымша сыйлықтың қандай екені маңызды емес, ең бастысы жүректен сыйланса болғаны.



Сауалнаманы жүргізген Назгүл РАБИЛОВА

ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДЫҒЫ НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ КӘСІБІ МЕ?

Деріс беруші жалпы журналистер үшін аты аңызға айналған профессор Тауман Амандосов екен. Асыға күткен сәт те туды. Қоңырау соғылысымен аудитория есігі ашылды да, жазық маңдай, қыран жанар, буырыл шашты, кең иықты, таяққа сүйенген ұстаз кіріп келді. Бәріміз орнымыздан тұрып, амандасу рәсімін жасадық.

– Жарайды, жігіттер, отырыңдар, (“қыздар” деп айтпады да.– С.Қ.) – деді де, үстел үстіндегі журналға бір қарап, бәрімізді отты жанарымен шарпып өтті. “Профессор не дер екен?” дегендей үнсіз отырмыз.

– Ау, мынау журналистиканың тарихында болмаған жаңалық қой. Елудің 21-і қыз. Бұрын әрі кеткенде төртеуден аспайтын. – Дауысында қуаныштан туған таңдану емес, әлденеге беймазалану бар. Аудиторияны үнсіздік жайлады. Кенет, тынысын тереңнен алып:

–Айналайын, қыздарым-ай, журналистиканы бекер таңдапсыңдар! Араларыңнан шықса, екі-үш қыз ғана журналист болар, одан көп болса, мұрнымды кесіп берейін, – деді.

Аңсай күткен профессорымыздың тосын әңгімесі жанымызға қатты батты. Арамызда “біз өмірді көріп келдік” деп үнемі өзін көтере сөйлейтін ересектеу қыз болатын, сол орынан тұрып:

– Ағай, неге олай дейсіз? – деді.

– Әй, шырақтарым-ай! Журналистика – күн мен түннің ара жігін елетпейтін, қызығынан қиындығы көп мамандық. Боран соғып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма, басың ауырып, балтырың сыздап тұр ма, бәрі бір – газетке ұшқыр материал керек екен, ешбір сылтаусыз жолға шығып, ертеңіне көрген, білгенінді ой елегінен өткізіп, қағазға түсіріп, редактордың үстеліне қоюың керек. Ұлы сөзде ұяттық жоқ. Қыз бала күйеуге шығады. Ал күйеуің мазасыз біреу болса, әр басқан қадамыңа тұсау салып, “не мен, не газет” дейді. Так что, журналистика қыздардың қолы емес. Пока не поздно, орындарыңды табыңдар. Сендердің орындарың – медицина, мектеп. Экономист, бухгалтер болсаңдар, тіпті, жақсы», – деген Қазақстан журналистер одағының мүшесі Светлана Қайыпғалиеваның «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген туындысы ойыма оралды.

Шындығына келгенде көпшілік адамдардың тұжырымдары осылайша сипатталады. Иә, журналист өте жігерлі және қиын мамандықтардың бірі. Бірақ қазіргі қоғамда мамандық таңдау саласында ер мен әйел деп бөлудің жөні бар ма? Мәселен, қазіргі қоғамда әйел адамдар өндірісте де, құрылыста да, көлікті де жүргізіп, бала да тәрбиелеп, журналистер қызметін алып та жүр. Сонау қазақ журналистикасының сандуғаштарына айналған Ләзиза Серғазина, Руслана Құдайбергенова, Нәзипа Құлжановалардың орны бөлек. Кәсібім өмірім – деп халықтың жаршысына айналғандары анық. Қазақ журналистикасында қазақ қыздарының еңбегі ерен болған.

Ал қазір экранның жұлдыздарына айналған Дана Нұржігіт пен Қымбат Досжан сияқты журналист әйелдер өз біліктілігін баяғыда-ақ дәлелдеп кетті. Кәсіби шеберліктерінің арқасында «нағыз журналист» деген атаққа ие. Шығармашылығымен ұшталатын мамандықта қыздарымыз аз емес. Дегенмен, әйел заты үшін журналистиканың қиындығы мен қызық тұстарын білуге кәсіби журналистердің ақпарат құралдарында берілген пікірлерін ұсынсам:

Сәуле Әбединова, «Ақжүніс – Астана» журналының бас редакторы.

– Оңай еш нәрсе жоқ. Қиын дей берсек, бәрі қиын. Мәселе сол қиындыққа мойымауда болса керек. Журналистиканың арқасында ел көрдім, жер көрдім, небір мықтылармен дәмдесте болдым, сырлас та болды, жолдас та болдым. Сондықтан шағымданбаймын.

Айқын газеті



Айнаш Есали, «Егемен Қазақстан» газетінің шолушысы, Қазақстан жур- налистика академиясының жалпыұлттық «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері

Журналистика мамандығы нағыз әйел адамдардың кәсібі ме деп қаламын. Өйткені, Алла тағала әу баста әйелді сөзге жақын, ақпарат жинауға бейім етіп жаратқан ғой.



Өрине, бұл – қалжың. Өзің айтқандай, қай мамандық оңай дейсің. Әйелдің ең машықтанған жақсы мамандығы – жақсы ана, жақсы жар бола алуы керек. Журналистика әйел адамға қол емес деген пікір жалпылама «журналистер үй бетін көрмейді, сенсация қуып салпандап жүре береді» деген үстірт көзқарастан туындаған шығар. Ақиқатында, мүлде олай емес. Менімен сыралғы адамдар, мен үшін отбасының тазалығы, баланың тәрбиесі, дастарханның берекесі, ағайынмен араласу, достармен дұрыс дос бола білу – мамандығымнан әлдеқайда маңыздырақ екендігін біледі. Шындап келгенде, мына ақпараттық технологиялар заманында бала тәрбиелеуге, отбасын ұстауға, бәріне – бәріне үлгеруге журналистикадан қолайлысы жоқ сияқты көрінетіні де бар. Өйткені, өзімді басқа мамандық иесі ретінде елестете алмаймын.

Ақжүніс-Астана журналы



Жанат Бақыт, КТК телеарнасының жүргізушісі

Ежелден келе жатқан салт бойынша, ер – азамат даланың адамы, жанұяның асыраушысы болса, әйел ошақ қасындағы отбасы ұйытқысы, шаңырақтың сүйеніші, ақылшысы. Қазақтың қай жыр – дастан, ертегісін алмайық, әйел адамды «нәзік жан» ретінде әспеттеген. Алайда, «нәзіктік» деген ұғымның астында үлкен өжеттілік, батырлық жатыр. Биік шыңда өсетін еңлік гүлін білесіз,

ол гүлдің төзімділігі мен қайсарлығы әйел іспеттес. Журналистика – төзімділікті, шапшаңдықты, рухани парасаттылық пен білімділікті қажет ететін сала. Жас қыздарымыз қолдарында микрофон, кейде дау-дамайдың ортасында, не қақаған аязда, тау – таста жүреді. Олар кез келген қиындыққа төтеп береді. Тіпті, жігіттермен салыстырғанда, қыздар «пысықтау» болатын сияқты. Сол себепті «журналистика әйел затына қол емес» деу әбестік болар. Десек те, қыздарымыз кәсіп, мансаптың артынан жүріп, табиғи міндетін ұмыт қалдырмаса екен дейсің.

Ақжүніс – Астана журналы

Қырықбай Алдабергенов, С.Торайғыров атындағы ПМУ Журналистика кафедрасының меңгерушісі

Қазіргі таңда Бұқаралық ақпарат құралдарында қалам өрбіткен журналист қыздар аз емес. Мен ҚазМУ-де оқып жүрген сәтімде, Қожекеев, Амандосов сынды ұстаздарымыз қыздар қауымына журналистика қыздар орыны емес, сендер болашақ ана, үйдің ұйытқысы болуларың керек деп айтып отыратын. Бірақ, бұл ескірген аксиома. «Болатын баланың бетін қақпа, белін бу» – дегендей. Егер де өнерлі болып тұрса неге журналист болмасқа. Журналист қыздар сонау «Айқап» журналы шыққаннан бері бар. Елімізге белгілі ақын Фариза Оңғарсынова еңбек жолын журналистикадан бастап, содан өмірін ақындыққа жалғаған. Сол себепті де журналистика батыл да, пысық, ақылды, өжет қыздардың орыны. Жалпы алғанда қыз баласының жаны нәзік болады ғой. Ал журналист мамандығы сағатпен өлшенбейді, бұл тәулік бойы күрбелең тірлік үстінде жүретін мамандық. Нәзік жанды аруларға айтарым – журналистика нақтылықты талап етеді. Халықтың бары мен жоғын жоқтайтын осы журналистер. Сол себепті, өз мамандығын шынайы жақсы көретін мамандар көп болса игі. Журналист қыздарымыз аман болсын!



P.S. Қазақ әйелі ерге серік қана емес, елге де тірек бола білгені тарихтан мәлім. Мұны дәлелдеудің қажеті жоқ. Бүгінгі қазақ әйелі саясатты да, түздегі жұмысын да, үй шаруасын да дөңгелетіп жүр. Елдегі экономикалық белсенді 8 миллион адамның жартысынан астамы әйелдер екен. Демек, ел дамуындағы сұлуларымыздың рөлін салмақтай берсеңіз болады. «Қандай өнердің болса да ең биік қасиеті оның шынайлығы» – дегендей Қазақ журналистикасының өрлеуі кәсіби журналистердің қолында. Өнерге бас иіп, өз кәсібін жақсы көрсе, «сенің қолыңан келмейді, бұл – қыздардың жолы емес» – деп бетін қағу қателік болар.

Назгүл РАБИЛОВА

ҚАШҚАР ҚЫЗЫ ШЫНАРГҮЛ ШОҚАНҒА КІМ?



Ғалым, этнограф, саяхатшы Шоқан-ның суретші болғанын да білеміз. Суреттерінде тек өзінің өміріне қатысты адамдар бейнеленгенін де аңғару оңай. Шоқанның Қашқарияға барған сапарынан қалған естеліктер көп. Қашқарияда салынған суреттерінде ұйғыр қызының да портреті бейнеленген.

Тарихи деректерге сүйенсек бұл суреттегі қыз Шоқанның қашқарлық әйелі екені, оны Сәбит Мұқанұлы өз жазбаларында Шынарғүл деп атағанын білеміз. «Қашқар қызы» спектаклі 1986 жылы Семейдің Абай атындағы музыкалық-драма театрында қойылғанда, қашқар қызына қазақша Шынарғүл есімі берілген. Ол пьесаның сценарийі бойынша Қашқарияға Шоқан Әлімбай саудагер болып барады. Сол елдің салты бойынша Шоқан уақытша некеге тұрады. Қашқарлықтар қазақтың жігітіне он алты жастағы ең көрікті қыздарының бірін таңдайды. Салт бойынша, уақытша күйеу кетерінде қызға тақия сыйлайды екен. Шоқан бірден: «Шынарғүлдің неше тақиясы бар?» – деп сұрайды. Ол кезде Шынарғүлде сегіз тақия жиналыпты. Бұл дәстүр «шәукен» деп аталады. Шоқанның өмірбаянын, шығармашылығын сан жыл зерттеген жазушы Сәбит Мұқанұлы қашқар қызын ақылына көркі сай, хат таныған білімді, Шоқанды құлай сүйген деп бейнелейді. Кейіннен Шоқанның да сол ұйғыр қызына деген ынтызарлығы артыпты, бірақ қайтар жол өте ауыр болғандықтан, Шоқан оны өзімен бірге алып жүре алмайды. Бұл ретте тарих желісі Шоқанды жерасты жолдары арқылы аман алып қалған осы қыздың әкесі, демек қашқарлық уақытша қайынатасы екенін де жоққа шығармайды. Шоқанның Қашқарияға сапар күнделігінде: «Қашқарлықтар мейірбан әрі бауырмал, еңбекқор және сый-пайы халық» деген жолдары бар. Ұйғыр қызы суретінің бірнеше фрагменттік үлгілері бар екен, бұл сурет Қашқарияға барғанда салынған, сондай-ақ, шығыс әйелі бөгде еркектердің назарында отырып, өзінің суретін салғызбайды. Бұл деректердің барлығы ол суреттегі әйелдің Шоқанның қашқарлық әйелі екенін дәлелдейді. Жалпы, Шоқан Шыңғысұлының өмірін отыз жыл зерттеген Сәбит Мұқанұлының ғалым туралы жазбалары 960 бетті құрайды екен, ал бір ғасыр уақыттан кейін Шоқан жүрген жолмен Сәбит атамыз да жүріп, Қашғарға арнайы барған. Осы мағлұматтар негізінде Сәбекеңнің Шынарғүлді «қашқарлық жеңгеміз» деп атауы да тегін емес екенін ұғамыз. Жалпы, Қашқарияның заңы бойынша шетелдік азамат ол елде бір айдан аса тұрақтап қалса, оны міндетті түрде үйлендіреді. Шоқанның уақытша әйелінен бала қалды деген де қауесет бар, бірақ бұл тарихи дәлелденбеген. Шынарғүл Шоқанға басқалардай тыңшы ретінде емес, ыстық сезіммен қараған, Шоқанға керекті деректерді тауып беріп, ақылшысына айналған жан. «Қашғар қызы» пьесасы – Шоқанның махаббаты жайында. Аталмыш туынды Қазақстанның 34 театрында сахналанған.

Эльмира Абетжанова

ҚЫЗ МҰРАТЫ - КЕТУ

Жат жерге барып.

Ақ жаулық тағып,

Айналар ертең анаға – деген өлең шумақтарында баяндалғандай. Қазақ халқы қыз баланы әркез «жат жұрттық» – деп бағалап, қадірлеп өсірген. Тұрмысқа ерте шығып кету жайты және керісінше жасы отызға келгенге дейін шаңырақ көтермеген ару қыздарымыз аз емес. Бүгінгі қоғамның маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр.

Ерте жастан некелесу Молдова, Грузия, Түркия және Тәжікстан елдерінде жиі кездеседі. Ал біздің елімізде тұрмыс құру мәселесі БҰҰ Балалар қорының зерттеуінде Қазақстанда 15-18 жас арасындағы 4,5% бойжеткен тұрмысқа шыққан. Олардың ішінде Шығыс Қазақстан, Ақмола, Маңғыстау облыстарында жастай некелесу көп. 20-24 жас аралығындағы қыздардың 19% 18 жасқа жетпей тұрмысқа шыққан. Зерттеушілердің айтуынша, ерте тұрмыс құру қыздардың физикалық және психикалық жағдайына теріс әсер етеді. Алайда, бұл пікірді елемей ерте отау құрып жатқан жандар да баршылық. Мәселен, студенттік жылдардың ащысы мен тұщысын бірге татып жүрген, Айнұр мен Нұрлыбек. Шаңырақ көтергендеріне екі жылға жетіп қалды. Айнұр мен Нұрлыбек студенттер үйінде тұрады. Отбасын ерте құрғандарына өкінбей, керісінше бір – біріне бауыр басып, барлық қиындықты

бірге бастарынан өткізуде. Себебі, ертеңгі болашаққа деген сенім бар бұл жұпта. Есеппен емес, шынайы махаббатқа бас иіп, екі жарты бір бүтін болып, барлық қиындықты жеңіп, болашақта үлгілі отбасыға айналатындарына көміл сенеді.

Бүгінгі қоғамда Қазақстанда тұрмыс құрмаған 350 мың қыз бар. Осы қыздарымыз өз бақтарын өздері таппай жүр ме? Өлде, жігіттер қауымының қыз таңдау мәселесінде белсенділігі жоқ па? – деген сұрақ туындайды. Әр адам үшін тұрмыс құру жауапты шақ. Көп жерде қателесуге қорықатын арулар, өзімді – өзім жасаймын деген мақсат қояды. Жоғары білім алып, жақсы қызметке орналасып, жеке басына көңіл бөлуге де уақыт таппай жатады. Осы орайда біз де Анар есімді арудан пікір алдық.

«Әр адам дүниеге келгенде бақытты болу үшін келеді. Бақыт құсы қалықтап ұшып кетпеу үшін оны дер кезінде ұстап алу керек. Мен жастайымнан оқу оқып, өзіме – сөз салған жігіттерді елемеппін де. Ал қазір сол азаматтар бір үйдің отағасы болып отыр. Жас кезімнен алға қойған мақсатқа жету үшін көп тер төктім, бүгін де еңбегім өз жемісін беріп отыр. Жоғары білім, тұрақты жұмысым, үйім де, көлік те бар. Алайда, уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қалдым. Жастарға өз атымнан айтарым – әр адам өмірінде өзі таңдау жасайды. Ең бастысы бақыт құсы ұшпасын десеңіз жаныңызда жүрген жанды бағалаңыз».



Түйін сөз: Алла Тағала әр кімді жұп – жұбымен жастастырады. Өз жұбын табу – жауапты шақ. Ең бастысы ерте де емес, кеш те емес барлығын өз уақытымен өткерген абзал. Сіздің таңдауыңыз – ертеңгі қазақ қоғамының айнасы екенін ұмытпасаңыз болғаны.

Назгүл РАБИЛОВА

КӨЗҚАРАС

Жерде жұлдыздар бола ма?

ЖҰЛДЫЗ ДЕГЕН ЖАРАТУШЫНЫҢ ЖАРАТҚАН БІР КЕРЕМЕТІ. ҚАРА АСПАНДЫ НҰРЛАНДЫРҒАН КЕРЕМЕТКЕ НЕ ЖЕТСІН. АЛ, СОНДАЙ КЕРЕМЕТКЕ КЕЙ АДАМДАР ӨЗДЕРІН ТЕҢЕП ӘУРЕ. РАС, ҚАЗАҚТАР ӨНЕРГЕ ЖАНЫ ҚҰМАР ХАЛЫҚ. ӨНЕР ДЕСЕ ІШКЕН АСЫН ТАСТАЙ САЛА, ҚОЛДАУ БІЛДІРЕДІ. ӨНЕРПАЗДАРЫН ТӨРІНЕ ШЫҒАРЫП ҚҰРМЕТТЕГЕН ДАРХАН МІНЕЗ ИЕЛЕРІ. АЛАЙДА, СОЛАЙ БОЛА ТҰРА АҚИҚАТТЫ АШЫП АЙТҚАН ҚАЗАҚ, ӨНЕР МАЙТАЛМАНДАРЫ ҚОЛ ЖЕТПЕЙТІН ЖҰЛДЫЗҒА ТЕҢЕГЕНІ ЕСІ? ЖАРҚ ЕТІП ӨНЕР КӨРСЕТКЕН ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН ЖҰЛДЫЗ ДЕЙ БЕРУГЕ БОЛАМА ЕКЕН?!

Жұлдыздың түрі көп. Мысалға алатын болсақ, футбол жұлдыздары, шоу бизнес жұлдыздары, кино жұлдыздар тағысын тағы толып жатыр. Өз елінің зиялылары мен батырларын білмейтін жас буын, өзге ел жұлдыздарының аты мен өмірбаянын жатқа айтып береді. Қазір биші, әнші, күйші, танымал ақын болғандар, бір екі рет теледидардан көрініп, жұлдыз болып шыға келеді. Ол адам жұлдыз деген сол атақты көтере алмай қала ма, әйтеуір төкаппарланып, өрескел мінез байқатып жүргеніне де көз куә болып, құлақ естіп жүр. Кейбіреулер бұған «жұлдыз ауруы» деген ат қойыпты.

Дәл қазір ақпарат құралдары да оларды жұлдызға теңеп келеді. Мысалға алатын болсақ, «Жұлдыздар отбасы», «Жұлдызбен сырласу», «Stars», «Жұлдызбен жүздесу» т.б. толып жатыр. Мейлі елімізде өнерпаздардың көп болғаны, оларды таныстыратын газет-журналдардың да көбірек шыққаны жақсы. Алайда, олар жұлдыз ба немесе қарапайым пенде ме? Осы сауал төңірегінде жастардың көзқарасын білсек: «Жұлдызды ауру» дегенді қалай түсінесіз?

Ботагөз, студент

Бірақ менің ойымша жұлдыз болу үшін күндіз-түні таянбай іздену керек. Мысалға алғанда Қайрат Нұртас өзінің есімдерінің инициалдарынан құралған «KN» есімді журналын шығарды. Енді ол ешбір журнал мен газеттерге сұхбат бермейтінін мәлімдеді. Өйткені, бұл журналда

Қайрат Нұртастың шығармашылығындағы гастрольдері жайлы толық және анық мәліметтерді алуға болатынын айтты. Ендігі оның өзі жайлы түсірген «Өкініш» атты киносы, және өзінің сахналық киімдерін тігетін дүкен ашпақшы. Міне, осылардың бәрі «жұлдызды аурудың» белгілері емес пе?! Бірақ қанша жұлдыз дертіне шалдықса да өзінің тындармандары жайлы ешқашан ұмытқан емес. Жылына бірнеше ән мен бейне баян түсіріп, өзінің шығармашылық концерттерін беруден жалықпайды. Менің ойымша жұлдыздарымызға ізденіс, шабыт керек.

Әсел Құлжанова, 2010 жылы «Минута славы» байқауының бірінші орын иегері, С.Торайғыров атындағы ПМУ Орындаушылық өнер кафедрасының 4 курс студенті

Мен 2010 жылы «Минута славы» байқауының бірінші орын иегері болдым. Жақында мамыр айында өтетін «Жұлдызды сәт» байқауының жартылай финалына қатыспақпын. Республикалық байқауларға атсалысып жүрсем де, өзімді ешқашан жұлдыз санаған емеспін. Мен үшін халықтың сөзін ән арқылы жеткізу, оларды қуанышқа бөлеу – таптырмас бақыт.

Айгерім, студент

«Жұлдыз» ауруының кең етек алғаны рас. Оны өзіміздің университет қабырғасынан-ақ көре аламыз.

Студенттерді былай қойып, оқытушылардың «жұлдыз ауруымен» сырқаттанып қалғанын естіп те, ендігі біліп те жүрміз. Анандай-мынандай ғылым докторы, профессор болғанына мастанып, өзінің біздей адам екенін естен шығарғаны өкінішті-ақ...

Қымбат, студент

Менің ойымша қазіргі уақытта «жұлдыз ауруымен» бір ақ рет сахнаға шыққан адам да науқастануы мүмкін. Бір концерттен кейін өзін жұлдыз санап, көкіректерін керіп жүргендерді кездестіріп жүрміз. Өнер – өте киелі ұғым. Кешегі Күләш, Динаралар халықты ән-күйлерімен қуанту үшін шықса, қазіргі уақытта әншілер сыртқы имиджін көрсету үшін, әннің сөзіне мән бермей – сапасыз орындап жүргендерді естіп жүрміз. Жұлдыз ауруы – бүгінгі сахнаның дертіне айналып отыр. Өнер жолын таңдаған жастарға айтарым әннің естісін тыңдап, есеріне бас ұрмаса абзал.

Қазір не көп, әнші көп. Солардың кейбірінің көксегені сол бір өнерден нанын тауып жеу емес, атаққұмарлық, көзге түсіп елге танылсам деген ой болса керек. Әйтпесе, көп адам жұлдыз болмай-ақ напақасын тауып жүр. Қайта қалталылардың балалары қалтасынан барын беріп, әйтеуір танылудың жолын іздейді. Не десеңіз де, көбісі әнші болуды қалайды. Себебі, қазір дауысы мен бойында дарыны бары да жоғы да, дауыс жаздырып, өрлеп, көп алдында аузын жыбырлатып ән айтып жүр. Сөйтіп жүріп олар «жұлдыз» деген ардақты атқа ие болып қалады.

Айзада АҚПАЙ



Ольга Кольох, Психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жұлдызды ауру дегеніміз не? "Жұлдыздың" дамуына қоршаған орта себеп болады. Жұлдызды ауру бөлек-бөлек себептерден пайда болады. Бұл дерт адамның балалық шағынан бастау алады. Алғашқы бүлдіршін кезіндегі басталатын табыстары, басқалардың мақтауы «жұлдызды дерттің» бастапқы белгілерін қалыптастырады. Ол жан кейін тіпті жан-жақтан келетін мадаққа үйреніп алады. Олар «жұлдыз ауруына» шалдығуына бейім келеді. Бұл дертке бейім адам күтпейтін ақиқатты мойындағысы келмей,

қай саланы меңгерсе де мақтау күтетін болады. Жұлдызды ауру атақтыларға ғана тән құбылыс емес. Бұл дертке шалдығып қалуына себеп болатын жайттар мыналар: фото суреттерінің әр жерде насихатталуы, сахнаға жиі шығып тұруы және өзге де танымалдыққа итермелейтін істермен шұғылдануы. «Жұлдызды ауру» адамның өз әлеміне деген айрықша назарынан басталады. Өзінің қашанда басқалардың көзінде болуды маңызды санайтын жандар. Ал, кейін атақ-даңқ оларға қиындықтардан қиналмай өтуге көмектесетін құрал іспеттес болады. Оларға бәрі саусақпен шертіп жіберу арқылы нәтижеге жетуге болатыны қызықтырады. Олардың

іс-қимылдарынан басқа адамдардың олар жайында «жұлдыздар» деуінің өзі оларды қанағаттандырады. Бұл адамдар басқаның сөзін аяқ асты етуге бейім келеді, ал өздерін маңайындағылардан жоғары санайды. Жұлдызды дертке шалдыққандар төкаппар, өзін еркін ұстайтын жан болып көрінуі әбден мүмкін. Еркіндіктің астарында тәуелділіктің де барын өздері байқай бермейді. Жұлдызды ауруымен ауырған адам асқақтаушылыққа бой ұрып, назарларға мұқтаж бола бастайды. Яғни, басқалардың тамсануының, көзайымының құлы бола береді. Бұл дертпен ауыратын жандар өте көп. Көп жұлдызды дерт шипасына бөлек-бөлек психологиялық әдіс-айлалар болады.



ЖҮРЕК СОҒЫСЫН ӨЛШЕЙТІН ҚҰРЫЛҒЫ ҚАШАН ДА ҚАЖЕТ

САДЫҚ ШЫҢҒЫС – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АБАЙ АТЫНДАҒЫ №10 ЛИЦЕЙ МЕКТЕБІНІҢ 10-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ. ШЫҢҒЫС ФИЗИКА ПӘНІН ЖАНЫНДАЙ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ, БОЛАШАҚТА ФИЗИКА-ХИМИЯ ПӘНІНЕН ҒАЛЫМ БОЛУ АРМАНЫ. ЖҮРЕК СОҒЫСЫН ӨЛШЕЙТІН ЖАҢА БАҒЫТТАҒЫ, ҮЛГІДЕГІ ҚҰРЫЛҒЫ ОЙЛАП ТАУЫП, ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР САЙЫСЫНА ІІ-ОРЫН АЛЫП, МОСКВАДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР САЙЫСЫНА І-ШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНІП КЕЛДІ. ОСЫ ОРАЙДА ШЫҢҒЫСТЫ ӨҢГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

римова. ПМУ-дың ғалымдарынан және құрылғы жасаған кезде техникалық мектептің ұстаздарынан кеңес алдым.

– Москвада өткен халықаралық ғылыми жоба сайысы туралы айтып өтсең?

– Бізді көрші мемлекеттің адамдары жақсы қарсы алып күтті. Қанша әдемі жерлерді көрсем де туған еліме ешқандай мемлекеттің әдемілігі жетпейтіне көзім жетті.

– Зерттеу барысында қандай әсер алдың?

– Бұл тақырып маған түсінікті, таныс болғандықтан, әрине жақсы әсер алдым. Кішкентай кезімнен ғалымдармен жұмыс жасау мен үшін үлкен арман еді. Осы ғылыми жобамның арқасында көптеген армандарым орындалды. Біріншіден, жобам ойдағыдай шықты. Екіншіден, шет елге шықтым. Үшіншіден білімнің шыңынан көріндім.

– Болашақта осы ғылыми жобаны жалғастыратын ойың бар ма?

– Болашақта ғылыми жоба жазу ойымда бар. Бірақ осы ғылыми жобаны жалғастыратын ойым жоқ. Көкейкесті мәселелерді көтеретін тақырыпта ғылыми жұмыспен айналысым келеді.

– Ал, Шыңғыс енді оқырманға айтар тілегің қандай?

– Мен оқырман жастарға айтар тілегім: уақытты босқа өткізбей қызықтыратын тақырыптарды таңдап, зерттеп білімдеріңді шыңдай беріңдер дегім келеді. ең бастысы оқушы зерттеу жұмысын жазар алдында алдына бір мақсат қойып, соған жете білу керек.

– Шыңғыс сені әлі де білімнің шыңынан көреміз деген сенімдеміз.

Сұхбаттасқан
Жанар Еркебұлан



– Физикаға деген қызығушылығың жайында сөз етсең?

– Мен дарынды баларға арналған Абай атындағы №10 лицей мектебінде оқимын. Бала кезден химия физика пәндерін жақсы меңгеру мен үшін мақсат еді. Шынына келетін болсақ, бастапқыда физика пәнін жақсы меңгере алмадым. Бірақ, уақыт өте келе, есейе келе физикаға деген қызығушылығым арта түсті. Осы қызығушылығымның арқасында ғылыми жоба жазуға бел байлады. Осы ғылыми жобамен облыстық ғылыми жобалар сайысына ІІ орын алып, Москвада өткен халықаралық ғылыми жобалар сайысынан І жүлделі орын алдым.

– Бұл сенің тырнақ алды зерттеу жұмысың ба, әлде бұдан бұрын да ғылыми жұмыспен айналысып көріп пе едің?

– Бұл менің ең алғашқы сәтті жұмысым деп айтуға болады. Алдыңғы жылдары қанша ғылыми жұмыспен шұғылдану ойымда болғанымен әрекет ете алмадым. Бірақ бірінші жазғаннан бірден осындай жетістікке жеткеніме қатты қуаныштымын.

– Ғылыми жұмысының тақырыбы қандай және оның өзектілігі неде?

– Ғылыми жұмысының тақырыбы: «Жүрек импульстерінің портативті фиксаторы». Медициналық аппарат адам бойындағы электр импульстерді тіркеу сол арқылы физикалық үдерістердің принципін, жұмысын білу. Жүрек сырқатымен ауыратын науқастарға жүрек соғысын өлшейтін құрылғы қашанда қажет.

– Сенің құрылғыңның қазіргі медицинада қолданып жүрген құралдардан айырмашылығы не?

– Қазіргі құрылғылардан айырмашылығы: біріншіден, шағын. Екіншіден, қолданысы оңай және электр тогын аз жұмсайды. Тағы бір ерекшелігі жүрек импульстерін аз уақыт аралығында анықтап бере алады.

– Осы жобаны жасауға не түтірткі болды?

– Ата-анам дәрігер мамандары болғандықтан ата – анамның кеңесі бойынша бұл жобаны жасауға бел будым. Қазіргі медицинаға қандай да бір үлесімді қосқым келді.

– Ғылыми зерттеу барысында кімдермен жұмыс жасадың?

– Ұстазым әрі ғылыми жұмысымның жетекшісі Н. Ка-

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Балдың емін бағалайық

• Ара балының құрамында адам ағзасына пайдалы 60 түрлі зат бар. Мысалы, глюкоза, минералды тұздар, ферменттер, витаминдер, радиоактивті антибиотиктер және басқа заттар.

• Бал асқазан жұмысын реттейді. Таңертең күн сайын бір стакан суға салып ішсе өте пайдалы. Бал бала ағзаның түрлі ауруларға қарсы күресуін арттырады, гемоглабиннің құрамын көбейтеді. Балды әсіресе сүт немесе жеміс-жидек тағамдарына қосып жеген пайдалы.

• Жатар алдында бір стакан суға бір ас қасық бал салып ішсе, адам жақсы ұйықтайды.

Жеміс-жидектердің пайдасы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Ал, шырындардың шипагерлігі туралы білгілерің келе ме? Ондай болса, мұқият оқып шығыңдар.

• Алма шырыны
Жүрек қан тамырлары жүйесін нығайтады, ақыл-ой қабілетін күшейтеді. Ағзада ауыр металдарды, радио нуклидтерді «қуады», сонымен қатар жұмысқа құлшынысты арттырып, сананы оятады.

• Томат шырыны
Бұл ағзадағы шамадан артық қышқылдың әсерін басатын, қан айналымы қызметін қалыпты жағдайға түсіретін микроэлементтерге бай шырын. Қантты әрі крахмалды тағамдармен арластырып, сондай-ақ етті тамақтармен қатар ішуге болмайды. Ондайда өзінің емдік қасиетін жоғалтып алады.

• Жүзім шырыны
Қан құрамын тазалап, ағзадағы холестеринді азайтады. Бауырға, бүйрекке өте пайдалы. Осы аталған мүшелерді зиянды, ұятты заттардан тазалайды. Қарапайым тіршілік пен күнделікті күйбең жұмыста жүйке жұқарып, шаршағанда, күш-қайрат кемігенде әлденуге көмектеседі.

Тістерің аппақ әрі жылтырап тұрсын десеңіз, лимонның қабығын жұқалап кесіп, кәдімгі еріген тұзға аунатып, сол лимонмен тісті үйкелеу қажет.



ДӘСТҮРЛІ ӘН ТЫҢДАЙСЫЗ БА?

Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінге жеткен көл-көсір ән қазынасы ерекше орын алады. Қазақ дәстүрлі әні – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Күнделікті тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, аңсар-мұраты, қайғы-мұңы, сағыныш-шері, үкілі үміті, қуаныш-шаттығы барлығы да осы дәстүрлі әндердің құшағында. Данышпан Абай: “Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең”, – деп толғайды. Қазақ елінің әлемдік мәдениетіне қосар үлесі де күйімен, жырымен бірге осынау дәстүрлі ән мұрасы екенінде күмән жоқ. Енді осы күнде біз қаншалықты дәстүрлі ән тыңдайтынымызды анықтау үшін біздің №10 Абай атындағы дарынды балаларға арналған лицей-мектебінде сауалнама жүргіздік.



Бағда Қазиева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 37 жас

– Ия, мен дәстүрлі әнді сүйіп тыңдаймын. Себебі, бұл әндердің сөзі де, әні де жақсы. Әр әннің өз айту мақамы болады дейді ғой. Дәстүрлі әндердің өз мәнері, өз тыңдарманы болады.

Айжан Кубентаева, 14 жас

– Әрине тыңдаймын.



Шыңғыс Садық, 16 жас

– Ия, мен дәстүрлі әнді тыңдаймын.



Айжан Ықлас, 16 жас

– Ия, маған дәстүрлі әндерді тыңдаған өте қатты ұнайды.



Қымбат Тұрархан, 15 жас

– Бұрынғы дәуірдегі халықты әуелеткен әндерімен жүректі баурап алатын әнші – сазгерлердің мұрасын бүгінгі таңда қазақ халқына насихаттап жүрген біртуар өнерпаздардың сахна төрінде шырқайтын дәстүрлі әндерін неге тыңдамасқа! Әрине, тыңдаймын. Себебі дәстүрлі ұлттық әндердің өн бойында қазақ елінің салт-санасы, наным-сенімі, дүниеге деген көзқарасы көрініс табады. Сондықтан мен осы әндер арқылы рухани байлығымды арттырып, ұлттық рухымды биіктеткім келеді.

Сауалнаманы жүргізген
Рахила Рахимжанова





ӘН-КҮЙ САБАҚТАРЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА ӨТСЕ...

Зер қадірін зергер білсе, өнер қадірін тер төгіп халқына қызмет еткен өнерпаз ғана білер. Домбыра ішектерінде тұлпарша шапқан саусақтар, бойынды баулап алар әуен. Бұл құдіретті күш әркімнің бойына біте бермейді. И.Байзақов атындағы облыстық филармонияның, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті студенттік филармониясының дәстүрлі әншісі Әсел Ботаевамен сұхбаттасқан едік.

— Сазуенгедеген қызығушылығыңыз қай кезде оянды?

— Бала кезімнен өнерге деген қызығушылығым оянды. Алғаш рет бес жасымда ел алдына шықтым. Тәуелсіздік алып, наурыз мерекесін тойлай бастаған кезіміз еді. Қолыма домбыра алып, сахна төріне шыққанда жеті жаста едім.

— Дарынның қасиеті топырағында дейді қазақ. Туған өлкеңіз жайында сөз етсеңіз...

— Ия, бұл сөздің жаны бар болар. Қасиетті Баянауыл жерінде, Жаяу Мұса ауылында дүниеге келдім. Қазақи тәрбие, қасиетті топырақ мұның бәрі менің бала кезімнен өнер жолына түсуіме себеп болса керек. Жаяу Мұсаның ұрпағымын. Руым Малғозы. Нағашы әжем, атамның қарындасы, әкемнің қарындасы өнерге жақын әнші болыпты. Жалпы, өнер арғы ата-бабамыз Жаяу Мұсадан дарыған болар деп есептеймін.

— Ән жазып көрдіңіз бе?

— Бала кезімде жазып көргенмін. Дегенмен көп рет естіген әуендерім, құлағыма келіп ән сияқты болып көрінетін. Өсе келе бұл балалығыммен қош айтыстым.

— Қандай байқаулар мен додаларға қатысып, өнеріңізді шыңдадыңыз...

— 1993 ж. Павлодар қаласында өткен «Жауқазын» теле фестивальдің жеңімпазы атандым. 1997 ж. Павлодар қаласында өткен екінші халықаралық

жас таланттардың «Айналайын» фестивалінің лауреаты болдым. 2000 ж. Павлодар қаласында өткен үшінші облыстық «Хрустальный звон» эстрадалық жас әншілер сайысының дипломанты. 2002-2004 ж. халықаралық «Шабыт» фестивалінде «Халық әндер» номинациясы бойынша қатысып, ән бәйгесінен бағымды сынап көрген жайым бар (Астана қаласы). 2003 ж. Павлодар қаласында өткен ақын-сазгер Естай Беркімбаевтің 130-жылдығына арналған облыстық дәстүрлі әншілер сайысының лауреаты атандым. 2003 ж. Хабар агенттігінің ұйымдастыруымен өткен «Алтыбақан», «Ауылдың алты ауызы» хабарларына қатысып, жеке ән шырып, қалың жұрт назарында болдым. 2004 ж. Павлодар қаласында өткен «Ресейдің Қазақстандағы жылына» арналған III халықаралық «Ертіс жұлдыздары» фестивалінің «Халық әндер» номинациясының лауреаты, ал, 2005 ж. «Ана тілі — жүрек үні» жастар арасындағы қазақ тілі фестивалінде «Вокалды орындау» номинациясы бойынша лауреат атандым. 2007 ж. «Ең үздік музыка мұғалімі-2007» IV Республикалық байқаудың лауреаты, 2008 ж. М.Ж. Көпейұлының 150 жылдығына арналған аймақтық жыршы-жырау, термешілер байқауының лауреаты, 2010 ж. әнші-сазгер Ж.М. Байжанұлының туғанына 175 жыл толуына орай өткен дәстүрлі әншілер байқауының дипломанты, Ж. Шаймерденов атындағы арнайы сыйлық иегері, 2012 ж. Елебеков атындағы V Республикалық дәстүрлі әндерді орындаушылар сайысында К. Байсейтова атындағы арнайы сыйлықтың иегері болдым.

— Мұндай қиын да қызықты өнер жолын өткен өнерпаздың оқушыларына берері көп екендігі сөзсіз.

— Халық әндерін орындаушыларды бұрынғы мен бүгінгі жалғастырып, жастарға өнеге беріп жүрген өнер иесі деуге болады. Олар әр концертте ұлттық нақыштағы киімді киіп, өнегелі әндерімен көрерменнің көңілін баурайды. Қазақи құндылықтарымызды жас буынға насихаттап жүрген әпкелеріміз саусақпен санарлықтай. Мен өзімді қазақ әндерінің орындаушысы санаймын. Сол себепті де маған артылған жүк ауыр болар. Халық әндері халықтың тарихынан, көне тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, ғұрыптары мен дүниетанымынан хабар береді. Ескілікте айтылған жыр-термелер, әндер барлығы да ұлтымыздың құнды

асыл мұрасы. Қазақтың өнер қазынасын кейінгі ұрпаққа мирас ету біздің міндет.

— Тек білім алып, ән салып қана қоймай ұстаз да атанып үлгердіңіз?

— Шәкірт тәрбиелеп, білім беру үшін үлкен жол кешу керексің. Мен ұстаз атанар бұрын өнер мен білім жолынан өттім. 2000-2004 жылдар аралығында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Саз және ән» мамандығы бойынша жоғарғы білім алып, үздік диплом иесі атандым. Осымен білім жолын тоқтатпай Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде «педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратуралық білімді де үздік тамамдап шықтым.

— «Алтыбақан», «Ауылдың алты ауызы» хабарларына қатысқанда әріптестеріңізден алған тәжірибеңіз?

— Өріне үлкен тәжірибе алдым. Өнердің келесі сатысына көтерілгендей болдым. Бұл бағдарламаға мені арнайы шақырды. Бір жұма көлемінде түсірілім өтті. «Ауылдың алты ауызы» бағдарламасында жүргенімде продюсер байқап, «Майраның әндерін жақсы орындайсың» деп «Алтыбақан» бағдарламасына шақырды. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қолдауымен бардық. Өнер астанасы Алматыда, үлкен сахнада өнер көрсетуім өнердегі алғашқы қадамдарымның бірі болды.

— Майра Шамсутдинова сынды өнер алыптарының ішіндегі жаңыңызға жақын орындаушыңыз бар ма?

— Жалпы Майраның өзі де, әндері де жаныма жақын. Бұрында заман басқадай болды ғой. Әйел адамдардың халық алдында өнер көрсетуіне жақындары мен туыстары қарсы болған. Ән айтып, өнер көрсетуге кейде шектеу қойылды. Ал, қазір қыз балаларға өнерге жол ашық. Негізінен, халық әндерінің көбі ер адамдарға арналып жазылған. Ал, Майра әндері философиялық мәні бар, қыз балаға тәлім-тәрбие беретін әндер болғандықтан көбінде Майра әндерін сүйіп орындаймын.

— Бүгінгі таңда жастардың халық әндеріне қызығушылығы қандай?

— Жаман деп айта алмаймын. Орындаушылығына байланысты қызығушылығы да оянып жатады. Жалғыз менің насихаттауым теңізге тамған тамшдай. Ел болып, басымыз біріксе ұрпақ қызығушылығын оята аламыз. Өзім ұстаз болғандықтан барынша оқушыларыма халық даналығынан сыр шертетін дәс-

түрлі әндерді үйретіп, насихаттаудан жалыққан емеспін.

— Өнер тәжірибесінде қызықты, естен кетпес сәттер болды ма?

— Ия, ондай сәттер болды. Мен Елбасының алдында үш мәрте өнер көрсетіп, батасын алуымды мақтан етемін. Және де бұл сәттерді өнердегі жетістіктерімнің биігі деп санаймын. Бірінші рет 2003 жылы Елбасы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетке келгенде, екінші мәрте Елбасымыз Жасыбайға келген іс сапарында облыстық үздік өнерпаздар құрамымен өнер көрсеттік. Үшінші рет былтырғы Ресей мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық форумы кезінде өнер көрсеттім. Осы орындауларды Елбасымыз жоғары бағалап, батасын берді.

— Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі жалпы білім беретін мектептердегі музыка пәніндегі өзгерістер турасында сөз етсеңіз...

— Аздаған ренішім бар. Себебі бұрын мектеп бағдарламасында ән-күй сабағы сегізінші сыныпқа дейін оқытылса, қазір тек, алтыншы сыныпқа дейін ғана оқытылады. Сабақтарды азда болса ұлттық нақышта өткізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Сатылы мемлекеттік бағдарламаны дамытса деген ойдамын.

— Жас өнерпаздарымыз үшін берер кеңестеріңіз болса...

— Берер кеңесім көп. Солардың негізгісі — табандылық, еңбекқорлық. «Әу демеітін қазақ жоқ» дегендей, қазақтың көп баласы өнерлі, тек оны дамыту керек, оқуын оқып, өнерді шыңдауы қажет-ақ. Адам өмірі қилы ғой. Өнерде алғашқы қадамдар жасап келе жатқан балаларымыз сәтсіздікке ұшырауы да мүмкін. Оған мойымау керек. Өнерді дамыту, іздену, білім алу, еңбектену — бұл Сізді жетістікке жеткізер қасиеттер.

— Болашақта Республикалық сайыстарға қатысу ойыңызда ма?

— Жалпы сайыс ережесі бойынша 16-35 жас аралығындағы сайыскерлер қатыса алады. Алайда, өзім жастарға жол беруді жөн санаймын. Ал мақсатым жүлде алу емес әнді кәсіби деңгейде орындау. Алда бір-екі сайысқа қатысуды жоспарлаудамын.

— Олай болса, Сізге алда да биіктерден көрінуіңізге тілектеспіз. «Баласы бәйгеге түссе анасы тақымын қысады» демекші, жерлесімізге тілеріміз шығармашылық табыс.

Сұхбаттасқан Айзат Қожабаева

ҚЫМЫЗДАН ЖАСАЛҒАН САБЫН

Бүгінгі сан алуан әмбебап заттарға толы нарық заманында тұтынушыны таң қалдыру әжептәуір қиын құбылыс. Дегенмен, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, химия және биология факультетінің, студенттері қымыздан жасалған сабынды ойлап табу арқылы барша қауымды таңғалдырған көрінеді. Қымыздың емдік қасиеттерімен халқымыз бұрыннан таныс еді. Әйтсе де бұл өнімнің біз білмейтін көптеген сырлары бар екен. Мәселен, қымыз тері үшін оң ықпал етіп қана қоймай үнемі қолданған жағдайда теріні ағартып, жасартуы мүмкін деп ғалымдар айтауда.

Қазіргі таңда отандық тауар авторлары сүт өнімінен жасалған сабынды жиырма бес түрлі әдіспен өндіруде. Қыс мезгілінде тері жұқарып, құрғақ болып мазанызды алуы мүмкін. Бұл мәселенің шешімі қымыз бен им-

бирь ұнтағынан жасалған сабын. Ал, егер теріңіз жиі майланатын болса кофе ұнтағы мен сүттен жасалған сабын таптырмас ем. Сабын құрамында тек табиғи компоненттер болғандықтан, аллергияға ұшыраған тұтынушылар үшін био-сабынның зияны жоқ. Бір сөзбен айтқанда, ең кірпияз сатып алушы да құр қол қайтпайды. Тауардың сыртындағы қорабын, түсін, иісін өзіңіз таңдауға құқылысыз. Тіпті қалаған есім мен тілекті де жазуға болады. Сонымен қатар, мұндай сыйлық құны 300-700 теңгені құрайды. Студенттердің айтуынша сұраныс күннен күнге өсіп келеді. Бірақ демеуші саны жоқтың қасы. Бұл мәселе көпке созылмайды деген ойдамыз. Елімізге келген шет ел азаматтары да ұлттық бренд ретінде био-сабынды естелікке алуы да әбден ықтимал.



Бетті өзірлеген Айзат Қожабаева

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар
мемлекеттік
университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: Ұ. Төлеу,
Н. Рабилова, А. Солтан.

Кеңесшілер: Қ. Алдабергенов,
Ж.Бижан, А. Тойшыбайұлы,
Г.Кенжебалина.
Мекен-жайымыз:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС

баспаханасында басылды.
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді